



Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы Ережені бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 17 маусым N 741.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.03.03. N 290 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
қарауына жататын ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын: "Қазақстан
Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі туралы
Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993
жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 Р931228_ қаулысы (Қазақстан Республикасының
ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 48, 581-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен
толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6
ақпандағы N 115 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N
5, 62-бап) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне
енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 25-тармағы.

Қазақстан Республикасының
Премьер- Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1996жылғы 17 маусымдағы N 741

қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі туралы

Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (Қазақстан Республикасының Әлеуметмині) жас шамасы бойынша, ауырған мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік камсыздандыру саласына басшылықты жүзеге асыратын және зейнеткерлерді, мүгедектерді, кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларын, сондай-ақ халықтың мемлекеттік қолдауға мұқтаж басқа да топтарын әлеуметтік қолдау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз ететін, орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарын, актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының тиісті министрліктерімен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарымен бірге халықты әлеуметтік қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге жауап береді.

4. Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:
халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік ғылыми негізделген бағдарламалар, жоспарлар мен болжамдар әзірлеу;
халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі заңдарды жетілдіру туралы заңдық және басқа нормативтік-құқықтық актілердің жобалары мен ұсыныстар әзірлеу;

халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету бөлігінде заңдық және нормативтік актілерді жүзеге асыру;

мемлекеттік зейнетақымен, жәрдемақымен және басқа да әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету;

зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметіне басшылық жасау;

міндетті сақтандыру жарналарын төлеушілердің толық есепке алынуы мен тіркелуін қамтамасыз ету;

зейнетақы, жәрдемақы және басқа әлеуметтік төлемдер төлеуге жұмсалатын қаражатты шоғырландыру және шығындардың қаржыландырылуын қамтамасыз ету;

Зейнетақы қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына қаражаттың толық түсуіне және зейнетақының, жәрдемақының және басқа да әлеуметтік

төлемдердің уақытылы төлеуіне бақылау жасау;
ведомстволық бағыныстағы мекемелердің, сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралардың қаржыландыруын қамтамасыз ету;
бюджет қаржысының, Зейнетақы қоры мен Мемлекеттік сақтандыру қоры қаражатының ұтымды және тиімді пайдалануына бақылауды жүзеге асыру;
халықты әлеуметтік қорғау органдарының қызметін үйлестіру және оларға ұйымдық-әдістемелік көмек көрсету;
халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде бірыңғай ақпараттық технологияларды әзірлеу және енгізу, ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйесін жасау;
медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясымен мүгедектерді оңалту қызметін ұйымдастыру және басқару, мүгедектердің қолданыстағы инфрақұрылымға қолы жетуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысу;

зейнеткерлерді, мүгедектерді, кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларын, халықтың мемлекеттік қолдауға мұқтаж басқа да топтарын қолдау мақсатымен өкілетті және атқарушы органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, қайырымдылық қорларымен және өзге де құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасау;
ардагерлер мен мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің қызметіне жәрдемдесу және қолдау көрсету;
басқа мемлекеттердің тиісті құрылымдарымен, халықаралық ұйымдармен Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бөлігінде халықаралық ынтымақтастық, өзара байланысты қолдау.

5. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мына функцияларды жүзеге асырады:

а) зейнетақымен қамтамасыз ету және жәрдемақы беруді ұйымдастыру саласында:

зейнетақы, жәрдемақы және басқа да әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, төлеу және жеткізіп беру жөніндегі ұйымдық және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

зейнетақымен қамсыздандыруды жетілдіру және жәрдемақы беру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

халықты әлеуметтік қорғау органдарының жұмысына басқарудың автоматтандырылған жүйесі және деректерді өңдеуге арналған қолданбалы бағдарламалар пакеттерін әзірлейді және енгізеді;

зейнетақылық және әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік емес қорларын дамыту үшін құқықтық негізді әзірлеуге қатысады;

б) әлеуметтік қызмет көрсету саласында:

жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен зейнеткерлерге, мүгедектерге, кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына және халықтың мемлекеттік

қолдауға мұқтаж басқа да топтарына әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді, сондай-ақ оларға заңдарда белгіленген жеңілдіктер, санаторийлік-курорттық емделуге жолдамалар, арнаулы жүріп-тұру құралдарын беруді, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің мекемелеріндегі зейнеткерлер мен мүгедектерге материалдық-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік және арнаулы мәдени қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен мекемелердің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді, салада нарықтық қатынастарды дамытуға жәрдемдеседі; медициналық-әлеуметтік сараптама және мүгедектерді оңалту қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

қала құрылысы саласында инфрақұрылым объектілерінің мүгедектер мен қарт азаматтар үшін оңтайлы болуын қамтамасыз ететін мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысады;

мүгедектер мен зейнеткерлердің еңбегін пайдалану жөніндегі мамандырылған кәсіпорындарды құруға және дамытуға, еңбектің үйге жұмыс алып істейтін түрлері мен жұмыспен қамтудың басқа да нысандарын дамытуға жәрдемдеседі;

халыққа протездік-ортопедиялық көмекті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді; протездеу және протез жасау саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық базаны құру және оның жұмыс істеуі, мүгедектерді оңалтудың техникалық құралдарын әзірлеу және енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

в) халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі заңдарды әзірлеу саласында: мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп халықты әлеуметтік қорғау туралы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді, халықты әлеуметтік қорғау туралы заңдардың қолданылу практикасын қорытады; заңдық және басқа нормативтік актілердің жобалары бойынша әлеуметтік мәселелерге қатысты бөлігінде қорытындылар әзірлейді;

г) қаржы қызметі саласында: республика халқын әлеуметтік қорғау органдарының жүйесінде экономикалық және қаржы жұмыстарын ұйымдастырады; кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді, сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды перспективалық және ағымдық болжауды, қаржыландыруды жүзеге асырады;

халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің түрлерін ұйымдастыру жөнінде экономикалық негіздемелер әзірлейді;

зейнеткерлерге, мүгедектерге, жасы кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына және халықтың мемлекеттік қолдауға мұқтаж басқа да топтарына

қатысты салық саясатын қалыптастыру туралы ұсыныстар әзірлеуге қатысады;

өз құзыреті шегінде халықты әлеуметтік қорғау жүйесіндегі қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыруды, нормаға келтіруді және еңбекақы төлеуді жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асырады, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметкерлеріне желілік көрсеткіштерді әзірлейді, еңбекақы төлеу (лауазымдық жалақы тарифтік ставка, қосымшаақы, үстемақы, еңбекақыға аудандық коэффициенттер және басқалар) нысандары мен жүйесінің дұрыс қолдануына бақылау жасауды ұйымдастырады, халықты әлеуметтік қорғау қызметкерлерінің лауазымдық біліктілік сипаттамаларын әзірлейді;

министрлікке ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен мекемелердің шаруашылық қызметі жөніндегі баланстары мен есептерін қарайды;

қарт азаматтар мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету нормативтерін әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының бюджеттерін қалыптастыру және бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

Зейнетақы қоры мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорлары бюджеттерінің кірісі мен шығысы бойынша атқарылуы жөніндегі ағымдағы, оперативтік жұмысты ұйымдастырады;

Зейнетақы қоры мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорлары қаражатының толық, уақтылы түсуіне және нысаналы пайдалануына бақылау жасайды;

Зейнетақы қоры мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларының қаражатына бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастырады, Зейнетақы қоры мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорлары қаражатының түсуі мен пайдалануы көрсеткіштері бойынша бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есептілік жасалуын қамтамасыз етеді;

д) халықаралық ынтымақтастық саласында:

белгіленген тәртіппен халықты әлеуметтік қорғау мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады;

халықты әлеуметтік қорғау саласында өз құзыреті шегінде шетелдік әріптестермен шарттар әзірлеуге және жасасуға қатысады;

халықаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан аумағында тұратын шетелдік азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру, жәрдемақы беру және оларға әлеуметтік қызмет көрсету мәселелерін шешеді;

е) Министрлік қызметінің басқа мәселелері:

халықты әлеуметтік қорғау органдары жүйесінде кадрларды даярлау мен орналастыру және кадрлардың біліктілігін көтеру жөніндегі шараларды ұйымдастырады және жүргізеді азаматтардың өтініштерін, арыздары мен

шағымдарын қолданыстағы заңдарда белгіленген мерзімде қарайды және олар бойынша қажетті шаралар қолданады;
әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

азаматтық қорғаныс шараларын жүзеге асыру жөнінде орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

6. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелген функцияларды орындау үшін мынадай құқық беріледі:

халықты әлеуметтік қорғау бойынша қолданыстағы заңдардың дұрыс қолданылуына бақылау жасау;

Зейнетақы қоры мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына сақтандыру жарналарының дұрыс есептеліп, толық және уақтылы аударылуы мәселелері бойынша меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда тексеру жүргізу және тексеру нәтижелері бойынша белгіленген тәртіппен шаралар қолдану;

зейнеткерлерді, мүгедектерді, жасы кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларын және халықтың әлеуметтік қамсыздандырылуға құқығы бар, сондай-ақ мемлекеттік қолдауға мұқтаж басқа да топтарын әлеуметтік қорғауға байланысты мәселелер бойынша орталық, жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасау;

әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша халықты хабардар ету;

құзыреті шегінде ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың, халықты әлеуметтік қорғау органдарының орындауы үшін міндетті нұсқаулы құжаттар шығару;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бөлігінде Қазақстанның мүдделерін халықаралық деңгейде білдіру.

7. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі облыстық, қалалық, аудандық халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының (бөлімдерінің) және республикалық ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметіне тікелей басшылық жасайды. Бұл органдар өз қызметі туралы Министрлікке есеп береді және оның бақылауында болады.

Ведомстволық бағыныстағы мекемелерді ұйымдарды, кәсіпорындарды құруды, қайта ұйымдастыруды, таратуды және атау беруді - Министрлік, ал облыстық, қалалық аудандық халықты әлеуметтік қорғау басқармаларын (бөлімдерін) құруды, қайта ұйымдастыруды, таратуды және атау беруді министрліктің келісімі бойынша тиісті әкімдер жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігін қайта

ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүргізіледі.

8. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Министр басқарады.

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрінің, Министрдің ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары арасындағы міндеттерді бөлуді Министр жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуы үшін дербес жауап береді, Министрдің орынбасарларына және Министрліктің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері басшыларына Министрлік қызметінің жекелеген бағыттарына басшылық жасау үшін жүктелген жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

9. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрі:

Министрліктің орталық аппаратының қызметкерлерін, ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшы қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

тиісті әкімдердің келісімі бойынша облыстар мен Алматы қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының бастықтарын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

Министрлікке ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жарғыларын (ережелерін) бекітеді, олардың құрылымына өзгерістер енгізеді;

орталық аппараттың штаттық кестесін, Министрліктің бөлімшелері туралы ережелерді, сондай-ақ тиісті кезеңге арнап бекітілген қаржы шегінде Министрліктің орталық аппаратын ұстауға жұмсалатын шығынның сметасын бекітеді;

Министрліктің құзыреті шегінде халықты әлеуметтік қорғау органдары мен ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар үшін орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады;

қолданыстағы заңдарға сәйкес басқа да құқықтары бар; қажет жағдайда Қазақстан Республикасының басқа министрліктерінің, ведомстволарының басшыларымен бірлескен бұйрықтар, нұсқаулықтар және түсіндірмелер шығарады.

10. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің

орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің санын және еңбекақы қорын қоса есептегенде оны ұстауға жұмсалатын қаржы мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

11. Құрамына Министр (Төралқа төрағасы) және лауазымына қарай оның орынбасарлары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіретін төралқа - Министрдің жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады. Төралқаның құрамын Министр бекітеді.

Төралқа өз мәжілістерінде халықтық әлеуметтік қорғаудың негізгі мәселелерін қарайды, Министрлікке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың баяндамаларын, Министрлік басқармалары мен бөлімдерінің есептерін және Министрліктің құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді тыңдайды.

Төралқа шешімдері Министрдің бұйрығымен жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі дербес балансы, банк мекемелерінде есеп айырысу және өзге де (оның ішінде валюталық) шоттары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар заңды тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 17 маусымдағы
N 741 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің қарауына жататын ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

Республикалық медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы (РМӘСК)
Ақпараттық талдау орталығы
Кадрлардың біліктілігін көтеру курстары
Алматы тәжірибе-эксперименттік протез-ортопедиялық орталығы
Петропавл протез-ортопедиялық бұйымдар жасайтын
тәжірибе-эксперименттік кәсіпорны
Семей протез-ортопедиялық бұйымдар жасайтын
тәжірибе-эксперименттік кәсіпорны
Орталық эксперименттік протездеу лабораториясы

Соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған республикалық "Ардагер"
пансионаты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК